

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
«МОНТЕССОРИЯ»
балалар интеллектуалды және
шығармашылық дамыту орталығы»



Товарищество с ограниченной ответственностью
«МОНТЕССОРИЯ»
центр интеллектуального и творческого
развития детей»

070018, Қазақстан Республкасы, Өскемен қаласы,
Әуезов даңғылы, 10. Тел: +7-771-051-55-15
e-mail: montessoriya@gmail.com, www.montessoriya/kz

070018, Республика Казахстан, город Усть каменогорск,
проспект Ауэзова, 10. Тел: +7-771-051-55-15
e-mail: montessoriya@gmail.com, www.montessoriya/kz

БЕКІТЕМІН:



"Монтессория" балалар интеллектуалды
және шығармашылық дамыту
орталығы" жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің директоры
Мухаметкалиева Ж.З.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022-2023 оқу жылына ұйымдастырылған іс-әрекеттің переспективалық жоспары
«Айгөлек» кіші тобы
Тәрбиеші: Жоломанова Нурбану Кайратовна, Нағышпаева Роза Багеновна

Өскемен 2022-2023 жыл

2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективтік жоспары

Қыркүйек

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Сөйлеуді дамыту	Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Балалардың ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздік қорын қалыптастыру. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
	Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, тыңдауға үйрету.
	Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру.
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен таныстыру
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі.«Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану.Заттарды атау, оларды суреттерден тану.Машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою және т. б.) орындауға баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп және т.б.) мен жемістерді (алма, алмұрт және т.б.) ажырату.
	Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру

Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, ермексазды дұрыс қолдануды жетілдіру. Қарапайым заттарды мүсіндеуде жұмыстың бастапқы дағдыларын қалыптастыру, мүсіндеуге қызығушылық туғызу.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балаларды бейнелеу құралдарымен таныстыру; қарындашты, қылқаламды дұрыс ұстап, жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру. Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.
Музыка	Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру..
Дене шынықтыру	Жүру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, , аяқтың ұшымен, қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу.Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.

Қазан

	<p>Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету</p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сөздік қорын байыту. кітаптағы суреттерді қарауды тыңдауға үйрету.</p>
Көркем әдебиет	Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды жетілдіру.
Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өзбетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, табиғи материалдарды (күм, су, тас және т.б.) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу және т. б.) арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота және т.б.), аңдармен (аю, қасқыр, қоян және т.б.) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

	Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.
	Мүсіндеу	Балаларды мүсіндеу тәсілдерімен таныстыруды жалғастыру; ермексазбен жұмыстың бастапқы дағдыларын қалыптастыру; ұсақ қол бұлшықеттерін дамыту.
	Сурет салу	Балаларды бейнелеу құралдарымен таныстыру; қарындашты, қылқаламды дұрыс ұстап, көлденең, тік, тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізу дағдыларын қалыптастыру. Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.
	Музыка	Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылықты дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.
	Дене шынықтыру	Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.

Қараша

Қараша	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен, заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сөздік қорын байыту .
	Көркем әдебиет	Үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.
	Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
	Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. сюжеттік ойыншықтарды табиғи материалдарды (құм, су, тас және т.б.) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру. Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: жаңбыр, жел және т.б. Жылы жаққа ұшып кететін құстарды (торғайлар, көгершіндер, қарғалар және т.б.), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек және т.б.), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау.
	Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға,

	кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.
Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, ермексазды өздігінен илеу) үйрету.
Сурет салу	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасауға тәрбиелеу.
Музыка	Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын ажырата білу (баяу және көңілді әндер). Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б.
Дене шынықтыру	Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Заттардың арасымен жүгіру.

Желтоқсан

Желтоқсан	Сөйлеуді дамыту	Білдіретін етістіктермен, заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолданады.
	Көркем әдебиет	Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына қызығушылықтарын артыру.
	Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру. Қарапайым көру-қимыл үйлесімділігін меңгерген көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыру заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздік қорын байыту.
	Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастыру құрылыс материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажырату.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады және т.б.) үйрету. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жел және т.б. Үй жануарларға қамқорлық таныту оларды жақсы көруге үйрету, қар ойындарда қауіпсіздік ережелерін (қар үйіндісін шашпау) түсіндіру.
	Жапсыру	Бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюды және құрастыруды фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастыруды құрастыру.

Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, ермексазды өздігінен илеу) үйрету.
Сурет салу	Қағаз бетінде қарындашпен, қылқаламмен төменнен жоғары қарай, солдан оңға қарай және жоғарыдан төмен қарай сызық жүргізе білуді, тұйықталған дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу үйрету.
Музыка	Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын ажырата білу (баяу және көңілді әндер). Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б.
Дене шынықтыру	Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 м арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 м арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату.

Қаңтар

Қаңтар	Сөйлеуді дамыту	<p>Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p> <p>Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.Кітаптағы суреттерді қарайды, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.</p>
	Сенсорика	<p>Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.</p>
	Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан және конструкторлардың ірі бөлшектерінен құрастыра алуды ,қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастыру құрылыс материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажыратуын құрастыру.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады және т.б.) үйрету. Өлі табиғат (жылы, суық су, суық қар және т.б.) және олармен әрекет ету түрлері (қар жинау, қарды домалату т.б.) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.</p>

Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.
Мүсіндеу	Мүсіндейтін заттарды зерттеуді, мүсінделген заттардың пішіндерін таныс заттармен салыстыруға үйрету. Қарапайым пішінді заттарды мүсіндеуді үйрету.
Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды үйрету. Ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу.
Музыка	Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б.
Дене шынықтыру	Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібiнен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету. Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату

Ақпан

Ақпан	Сөйлеуді дамыту	Сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолдануды меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуді өзбетінше қолдануды ересектермен және құрдастарымен ауызша қарым-қатынас жасайды.
	Көркем әдебиет	Өзінің, жақын адамдарының есімдерін, атауларын (ана, әке, ата, әже) күнделікті жиі қолданатын таныс заттар мен ойыншықтардың атауларын, тағамдардың атауларын, белгілі қимылдарды біледі және оларды айтуға тырысады; Ересектің көмегімен тақпақтарды, қысқа өлеңдерді және әңгімелер мен ертегілердің мазмұнын қайталап айту, - ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді;
	Сенсорика	Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау, түрлі өлшемдегі 2–3 сақинадан тұратын конустық негіздегі (өзекшесі) пирамидаға, кейіннен тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сақиналарды белгілі реттілікпен жинау. Заттардың көлеміне (үлкен, кіші), түсіне (қызыл, көк) бағдар жасай отырып, әртүрлі әрекеттер (ашу - жабу, өткізу - шығару, домалату, қадау, сабақтау, қою, байлау, төсеу) жасау. Өлшемі бойынша заттарды ажырата білу, ересектің көмегімен 4-5 сақинадан (үлкенінен кішіге қарай) тұратын пирамиданы жинау. Тиісті пішіндегі (дөңгелек, шаршы) - түрлі әрекеттерде заттардың сенсорлық қасиеттерін бейнелеуде, құрастыруда ескеру; қораптар мен қобдишаларға қақпақтарды таңдау, екі бөліктен тұратын қиылған суреттерді жинау
	Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. құрылыс материалдарынан және конструкторлардың ірі бөлшектерінен құрастыра алады; қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастырады;

	<p>құрылыс материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажырата алады, тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды және ойыншықтарды қолдана отырып, олармен ойнайды; өз бетінше құрастыруға тырысады; Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> - құрылыс материалдарынан құрастыру; - құрылыс материалының негізгі бөлшектері, олардың бөлшектері туралы білімді қалыптастыру, оларды түсі, шамасы бойынша тану
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Ересектермен (дауысын тыңдау, қимылына еліктеу, одан көмек сұрау) және құрдастарымен (әрекетін бақылау, ойнап отырған құрдасының жанына бару, ойыншықтарын алмастыру, өзара келісім бойынша оларды тартып алмай, сұрап алу) өзара әрекет етуге баулу, балалар мен ересектердің бірлескен ойындарына жағдай жасау (доппен, құммен, сумен ойнау). Балалардың қоршаған ортамен танысуына, бейімделуіне, ересектермен және құрдастарымен мейірімді қарым-қатынас орнатуына жағдай жасау; Баланың өз отбасының мүшесі екенін сезінуіне ықпал ету; қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстары жайлы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Тіршілік иелерін бақылау және оларға қамқорлық жасауға баулу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - жануарлардың сипаттық ерекшеліктерімен таныстыру, дене бөліктерін (танау, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білу;
Жапсыру	<p>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.</p> <ul style="list-style-type: none"> - желімдеудің техникасы; - ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі;
Мүсіндеу	<p>Заттар туралы түсініктерді, мүсіндеу әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактильді) зерттеу әдістерін қалыптастыру. Қарапайым пішінді заттарды мүсіндеуді үйрету.</p>
Сурет салу	<p>Қағаз бетін бағдарлауды, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды үйретуді жалғастыру. Негізгі түстерді ажырату білігін қалыптастыру, өзінің салған суретіне қуануды тәрбиелеу.</p>
Музыка	<p>Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Әнді жеке және топпен айту, әуенді</p>

		интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б.
	Дене шынықтыру	Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.

Наурыз

Наурыз	Сөйлеуді дамыту	Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру. Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерінің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.
	Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдауды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерді, авторлық шығармаларды тыңдауды оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтуды таныс шығармаларды қосылып қайталау дағдыларын қалыптастыру.
	Сенсорика	Өлшемі бойынша заттарды ажырата білу, ересектің көмегімен 4-5 сақинадан (үлкенінен кішіге қарай) тұратын пирамиданы жинау. Тиісті пішіндегі (дөңгелек, шаршы) түрлі әрекеттерде заттардың сенсорлық қасиеттерін бейнелеуде, құрастыруда ескеру қораптар мен қобдишаларға қақпақтарды таңдау, екі бөліктен тұратын қиылған суреттерді жинау Көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыру заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздерді түсіндіру.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және конструкторлардың ірі бөлшектерінен құрастыра аруды қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастыруды құрылыс материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажыратып құрастыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Есімін атағанда жауап беруді өзін айнадан және фотосуреттерден тануды, ата-анасын және өзіне қарап отырған басқа ересектерді тануды, олардың аттарын атауды дағдыларды қалыптастыру. Жақындарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға тәрбиелеу.

Жапсыру	Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастыруды және құрастыруды ,симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастырып жапсыру.
Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.
Сурет салу	Қылқаламмен жақпаны дұрыс жаға білу дағдыларын қалыптастыру, осы қимылды ырғақты қайталай отырып (жаңбыр, қар, жапырақ түсуі) тұзу, толқын тәрізді және тұйық дөңгелек сызықтарды жүргізе білуді жетілдіру.
Музыка	Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар және т.б.), ойындар мен әндерді сахналау.
Дене шынықтыру	Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру.

Сәуір

Сәуір	Сөйлеуді дамыту	Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өзбетінше қолдануға ықпал ету. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айтуды сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін қайталауда сөздік қорларын молайту. Шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауды, қарапайым сұрақтарға толық сөйлемен жауап беруді қалыптастыру.
	Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.
	Сенсорика	Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өзбетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыру, заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздерді түсіндіру.
	Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атауды және ойыншықтарды қолдана отырып, олармен ойнауды өзбетінше құрастыруға тырысуды қалыптастыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: жаңбыр, жел және т.б. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғайлар, көгершіндер, қарғалар және т.б.), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек және т.б.), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Жақындарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын құрметтеп, үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.
	Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта сызықтарды, қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.
	Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесе, тостаған, табақша мүсіндеу кезінде саусақпен қалыптың бетін тереңдету.
	Сурет салу	Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыруға үйрету. Сурет салуға қызығушылықтарын тәрбиелеу

Музыка	Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ және т.б.), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай және т.б.) дыбыстарымен таныстыру. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау.
Дене шынықтыру	Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 см) секіруге, 10-15 см биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.

Мамыр

Мамыр	Сөйлеуді дамыту	.Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өзбетінше қолдануға ықпал ету. Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіріп, толық сөйлемен сұрақтарға жауап беруді үйрету. Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өзбетінше қолдануды, ересектермен және құрдастарымен ауызша қарым-қатынас жасауды, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауды, қарапайым сұрақтарға жауап беруді қалыптастыру.
	Көркем әдебиет	Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
	Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өзбетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Әр түрлі көлемдегі заттарды білуді, заттарды өзбетінше зерттей білу дағдыларын қалыптастыру.
	Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою түсініктерін өз бетімен орындау дағдыларын қалыптастыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. жануарлардың дене бөліктерін ажыратуды және атауды, олардың мінез-құлқына, сыртқы түріне назар аударуды, үй құстарын тануды және атауды үйрету. Табиғаттың маусымдық өзгерістерін атауды ағаш, шөп, гүл сөздерін дұрыс қолдануды табиғи материалдардың қасиеттері туралы түсініктерін молайту, Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
	Жапсыру	Фланелеграфте геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерді, және т.б. шаблондарды қағазда қолданудың қарапайым әдістерін бейнелерді фланелеграфта қағаз бетіне орналастырып жапсыру.

Мүсіндеу		Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинау дағдыларын қалыптастыру. Өз бетінше бір нәрсе мүсіндеуге деген ұмтылысты қолдау.
Сурет салу		Кеңістікті бағдарлай отырып қағаз бетіне әр түрлі сызықтарды, жақпаларды бейнелеу дағдыларын бекіту. Дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттардың суретін салу дағдысын қалыптастыру
Музыка		Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ және т.б.), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай және т.б.) дыбыстарымен таныстыру. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау.
Дене шынықтыру		Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би және т.б.) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өзбетінше орындауға ықылас танытуға баулу.